

Hillrom NP150 тұтқыр серпімді төзімділігі жоғары поролонды матрасты пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Қауіпсіздік және пайдалану бойынша кеңестер

Мақсатты пайдалану

NP150 матрасының артықшылықтары ұзақ жатқаннан ойылатын жараның алдын алуға көмектесу болып табылады. Бұл матрас ұсынылған 30 кг мен 150 кг салмақ ауқымындағы, инфекция жұқтыруы төмен және орташа қауіптегі ересек науқастар үшін жарайды.

Орта

Оны IEC 60601-2-52 стандартында белгіленгендей келесі орталарда матрас ретінде пайдалануға болады:

- 1-қолданбалы орта (жедел жәрдем);
- 2-қолданбалы орта (ауруханаларда немесе басқа да медициналық мекемелерде қысқа мерзімді күтім көрсету);
- 3-қолданбалы орта (медициналық мекемелерде ұзақ мерзімді күтім көрсету);
- 5-қолданбалы орта (келіп жүріп емделетін науқастар немесе амбулаториялық күтім көрсету).

Қарсы көрсетімдер

NP150 матрасы зақымдалған терімен тікелей жанасып тұруға арналмаған және анатомиялық белгілері әдеттегіден басқаша науқастарға жарамайды.

Мақсатты пайдаланушылар

NP сериялы матрасар білікті маманның пайдалануымен күтім көрсету бойынша әртүрлі қолданба орталарынан науқасқа күтім көрсетуге арналған.





Алғашқы пайдалану

Hill-Rom матрасы бірінші рет қолданар алдында дезинфекциялауға кеңес береді.

Пайдаланушыға арналған нұсқаулар

Барлық нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Нұсқауларды орындамау жабдықтың бұзылуына және жарақатқа әкелуі мүмкін.

Таңбаларды түсіндіру

	Өндіруші
	Құрылғы үлгісі
	Топтама коды
	CC (Country Code): өндіруші елі Өндірілген күні (YYYY-MM-DD)

	Медициналық құрылғы (Medical Device)
	Құрылғының бірегей сәйкестендіру нөмірі (Unique Device Identification)
 = 250 kg	Қауіпсіз жұмыс жүктемесі – бұл қолдануға болатын максималды рұқсат етілетін жүктеме, одан кейін матрасқа зақым келуі мүмкін. Қауіпсіз жұмыс жүктемесіне науқастың жалпы салмағы, аксессуарлар және аксессуарлармен қолдау көрсетілетін жүктеме кіреді.
	Медициналық құрылғының сәйкестік белгісі
	Биологиялық қауіп туралы ескерту
	ЕСКЕРТУ Бұл белгі осы матрасқа қатысты ұсыныстарды орындамау науқасқа не пайдаланушыға қауіп төндіруі немесе құрылғының зақымдауы мүмкін дегенді білдіреді.
	Пайдалану жөніндегі нұсқауларды оқып шығыңыз
	Құрамында ISO 7000 стандартына сәйкес табиғи латекс жоқ

Науқасты матрасқа жатқызар алдында

NP150 матрасын полиэтиленді қаптамасынан шығарып алыңыз.


Матрасы қайшымен немесе кескіш құралмен бүлдіріп алмаңыз. Сыдырма түймеліктің толықтай жабылғанын тексеріңіз.

Матрасы қоршаған орта температурасында (18 – 20°C) кем дегенде 24 сағат сақтаңыз.

Матрасының дұрыс орнатылғанына және ұйықтайтын беттің ортасына жақсылап орналастырылғанына көз жеткізіңіз.

Науқастың терісі мен матрасың беті арасында тікелей жанасу болмас үшін, матрасы ақжаймамен қаптаңыз.

Пайдалану шарттарын сақтау

Таңба	Функция	Пайдалану
	Температура	+10°C – +40°C
	Гигрометрия	30% – 85%
	Ауа қысымы	700 mbar – 1060 mbar



Егер бүйірлік тұтқаның жоғарғы қыры матрасың үстінен 22 см-ге төменірек болса, қадағалап тұруға кеңес беріледі.



Науқасты қараусыз қалдырған кезде кереуетті ең төменгі күйде қалдырған жөн.



NP150 матрасы мен кереует жақтауларының жарамдылығын дұрыс бағаламау қысып қалу қауіпін тудырады, бұл ауыр жарақатқа не өлімге әкелуі мүмкін.

Қажет болған жағдайда, жүрек-өкпе реанимациясын (жүрекке сырттан массаж жасау) орындау кезінде науқас пен матрас арасына пластина қойыңыз.



Матрасты бір кереуеттен екіншісіне тасымалдау



Тасымалдау кезінде науқасты матраста ешқашан қалдырмаңыз.

Кереует шассиінің тежегіштері қандай да бір кездейсоқ қозғалыстардың алдын алатындай етіп орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Егер матрастың тұтқалары бар болса, матрасты оңайырақ тасымалдау үшін соларды пайдаланыңыз.

Матраспен жұмыс істеу кезінде зақымданудың алдын алу үшін барлық қажетті сақтық шараларын қолдану керек.

Құрылғы бос емес кезде, онымен жұмыс істеменіз.

Тазалау және дезинфекциялау

Тазалау және дезинфекциялау – бұл екі бөлек процедура.

Қауіпсіздік техникасы бойынша ұсыныстар

- Матрас орнатылған кереуетте тежегіштер іске қосылғанын тексеріңіз.
- Барлық электрлік функцияларды тұйықтап қойыңыз.
- Матрасты үстіне су төгу немесе жоғары қысыммен су шашу арқылы ешқашан тазаламаңыз.
- Температурасы 70°C-тан жоғары болатын суды ешқашан пайдаланбаңыз.
- Өнімді тазалау және дезинфекциялау бойынша өндіруші берген ұсыныстарды оқып шығыңыз.
- Матрасты қайта қолданар алдында әбден кептіріп алыңыз.
- Тазалау барысында тиісті жеке қорғаныс құралдарын (жейде, қолғап, қорғаныш көзілдірігі және т.б.) кию қажет.

Осы ұсыныстардың біреуін не бірнешеуін орындамау құрылғының зақымдалуына не тозуына әкелуі мүмкін, бұл құрылғыны пайдалануға кедергі келтіреді және кепілдіктің күшін жояды.

Инфекцияны бақылау

Жеткіліксіз тазалау = инфекция жұқтыру қаупі (биологиялық қауіп)!



Инфекция жұқтыру қаупін тудырмау үшін барлық бөлшектер әрдайым таза болуы қажет. Барлық көрінетін дақтар мен кірді кетіру үшін барлық қажетті сақтық шараларын қолдану керек.



Төмендегі келесі ұсыныстар гигиена бойынша маманның немесе ауруханаңыздың басқа да мүшелері арнайы инфекциялық жағдайлар үшін құрастырған тиісті тазалау және дезинфекциялау жөніндегі хаттамаларды алмастыруға арналмаған.

Жалпы ұсыныстар

Төменде сипатталған тазалау және дезинфекциялау әдісі нақты осы құрылғы мен оның барлық аксессуарларына қолданылады және уақытты үнемдеуге және ауруханаішілік жұқпалармен тиімдірек күресуге арналған.



Hill-Rom NP150 матрасын алғаш рет қолданбас бұрын дезинфекциялап алуға кеңес береді.

Тазалау кезінде тыста кесілген, жыртылған жерлердің, текістердің немесе түйіндердің бар-жоғын әрдайым тексеріп алыңыз. Тысы бүлінген матрасты ешқашан пайдаланбаңыз.

Егер матрастың ішкі поролонды ластанып, инфекция жұқтыру қаупін тудырса, оны ауыстырған жөн.

Басқа да тазалау және дезинфекциялау хаттамаларын ұстану немесе Hill-Rom ұсынғаннан басқа өнімдерді пайдалану құрылғылар мен науқастың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі және кепілдіктің күшін жоюы мүмкін.

Қолданыстан шығару

Hill-Rom матрасты қолданыстан шығармас бұрын дезинфекциялап алуға кеңес береді.

Клиенттер медициналық құрылғылар мен аксессуарларды қауіпсіз жолмен қоқысқа тастауға қатысты барлық федералдық, мемлекеттік, аймақтық және/не жергілікті заңдар мен ережелерді қатаң сақтауы керек. Сұрақтар туындаған жағдайда, құрылғыны пайдаланушы қауіпсіз жолмен қоқысқа тастау хаттамалары бойынша нұсқаулықты алу үшін, алдымен, Hill-Rom техникалық қолдау көрсету қызметіне хабарласуы керек.

Қолдануға болмайтын өнімдер

Матрасты зақымдап алмас үшін, келесі өнімдердің кез келгені құрамында бар тазартқыш құралдарды, жуғыштарды, май кетіргіштерді немесе өндірістік еріткіштерді ешқашан қолданбаңыз:

	Фенол		Крезол
	Хлор-сутегі, Селитра немесе күкірт қышқылы		Сода
	Диметилформамид		Тетрагидрофуран

Қышқылдылығы жоғары тазартқыш немесе зарарсыздандырғыш құралдарды қолданбаңыз (pH<4).

Жоғары негізгі тазартқыш немесе зарарсыздандырғыш құралдарды қолданбаңыз (pH>10).

Темір қырғыштар сияқты абразивті тазалау материалдарын немесе құралдарын ешқашан қолданбаңыз.

Науқасты шығарғаннан кейін немесе төсек жаймаларын ауыстырған кезде тазалау және дезинфекциялау

Ұсынылған тазартқыш құралдар

Terralin Protect (Schülke)¹

Концентрация: 5 мл/л (=0,5%), әсер ету уақыты: 1 сағ.

Тазалау



Матрасты ыстық суға аздап малынған шүберекпен және бейтарап жуғыш ерітіндімен тазалаңыз. Ерітіндінің құрамында жоғарыда айтылған қолдануға болмайтын өнімдердің ешқайсысы жоқ екенін тексеріңіз.

Қатты сіңіп қалған дақтарды тазалау

Матрастың беті біржола бүлінбес үшін, науқастарға қолданылған фармацевтикалық ерітінділердің төгілген тамшыларын тез арада сүртіп алыңыз.

- Қатты сіңіп қалған дақтарды затбелгіде көрсетілгенге сәйкес жұмсақ шеткемен және бейтарап жуғыш заттармен немесе хлор негізіндегі ерітіндімен кетіріңіз.
- Қатып қалған дақтарды (эксрет, былғандудың басқа да түрлері) кетіру үшін, оларды сулап жібітіп алыңыз, сосын тысты матрасқа қайта салар алдында жақсылап кептіріңіз.

Дезинфекциялау

Көрінетін былғану жағдайында Hill-Rom матрасты қолданылатын ережелерге (мысалы, 2017/745/EEC ережесінің талаптарына) сәйкес келетін аралас зарарсыздандырғыш құралмен (туберкулез микобактерияларын өлтіретін) дезинфекциялауға кеңес береді.

Барлық басқа зарарсыздандырғыш құралдар:

 C ≤ 1000 ppm	Хлор негізіндегі ерітінділер 1 000 бөл/млн азырақ немесе оған тең болуы керек. 10 000 бөл/млн дейінгі хлор негізіндегі ерітінділерді қолдануға болады, бірақ түстің оңу әсерін арттырады.
 25% C2H5OH	Этанолды (алкоголь) қолдануға болады. Концентрациясы судың ¼ бөлігі үшін этанолдың ¼ бөлігінен аспауы қажет.

Тазаланған және дезинфекцияланған матрасты қайта қолданбас бұрын соңғы қадамдарды аяқтаңыз (3-беттегі «Тысты қайта салу» бөлімін қараңыз).

1. **Terralin Protect V.A.H** (Verbund für Angewandte Hygiene e.V.) тізіміне кіреді.

Жүйелі уақыт аралықтарында немесе жұқтыру қаупі жоғарылаған жағдайда тазалау және дезинфекциялау

2-беттегі «Науқасты шығарғаннан кейін немесе төсек жаймаларын ауыстырған кезде тазалау және дезинфекциялау» бөлімін қараңыз және нұсқауларды орындаңыз, бірақ төменде тізімделген өнімдермен жұмыс істеңіз.

Ұсынылған өнімдерді пайдалану

Инфекциялық аурулары бар науқастарды шығарғаннан кейін:

- **Dismozon Pur (Bode)¹**
Концентрация: 40 г/л (= 4%), әсер ету уақыты: 1 сағ

Клостридиум диффициле бактериясы бар науқастарды шығарғаннан кейін:


- **Dismozon Pur**
Концентрация: 15 г/л (= 1,5%), әсер ету уақыты: 2 сағ
- **Anioxo-Spray WS (Anios)**
Қолданысқа дайын, әсер ету уақыты: 30 мин

Матрасты құрғақ бумен тазарту

Құрғақ будың немесе қатты қызып кеткен будың құрамында қалыпты жағдайда су 6%-дан көп болмайды, бұл конденсация әсерін болдырмайды.

Жоғары қысымның немесе қалыпты емес беткі температураның әсерінен зақымдап алмас үшін, келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Жоғары қысымды түтіктер (A) сияқты аксессуарларды қолданбаңыз. Жұмсақ бейметалл щеткаларды (B) және ысқыш материалдарды (C) рұқсат етілген деңгейге дейін қысымды азайтатындай етіп пайдаланған жөн.



- Биркалар мен таңбалар бар жерлерді щеткамен ысқыламаңыз, қатты күш жұмсамаңыз.
- Қайта қолданар алдында мұқият кептіріп, су кірмегенін тексеріп шығыңыз.

Hill-Rom Sanivar әдісін қолдануды ұсынады:

- Жабдықтаушы ұсынған басып тұру уақыты: шамамен 1 сек.
- Құрал мен дезинфекцияланатын беттің арасындағы қашықтық (жабдықтаушы ұсынған): шамамен 3 мм.
- Қолданылатын зат: матрастың сыртқы бөлшектері (тыстар).
- Жиілік: әр науқас ауысқан сайын.

Матрастың тысын кір жуғыш машинада жуу

Кір жуғыш машинада үнемі жуа беруге болмайды, себебі бұл компоненттердің жарамдылық мерзімін қысқартады. Инфекция жұқтырудың айрықша қауіптері туындаған жағдайда ғана кір жуғыш машинада жуыңыз.



Ең жоғарғы температура: 70 °C
Мұқият қарауды талап етеді



Оттегімен байытылған құралдармен ғана тазалау



Үтіктеуге болмайды



Химиялық тазалауға болмайды



Барабанды кептіргіште кептіруге болады
Орташа температура: 50° C

Тысты қайта салу



Тысты кір жуғыш машинада жуғаннан кейін қайта салар кезде оның қапталатын поролонға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз (3-беттегі «Матрас / поролон / тыс комбинациялары» бөлімін қараңыз және).



Поролонда төменгі жағынан жоғарғы жағына қарай орналасқан таңбаларға сәйкестендіріп, тысты поролонға дұрыстап салыңыз.

Матрас / поролон / тыс комбинациялары

Матрас үлгісі	Поролон үлгісі	Тыс үлгісі	Өлш. / см
Тұтқыр серпімді NP150			
ASS033	UPH033	TEX033	14 x 85 x 198
ASS034	UPH034	TEX034	14 x 90 x 198
ASS048	UPH048	TEX048	14 x 90 x 203
ASS004	UPH004	TEX004	14 x 85 x 198
ASS075	UPH075	TEX075	14 x 80 x 190
ASS076	UPH076	TEX076	14 x 90 x 198
ASS081	UPH081	TEX081	14 x 80 x 210
Рентгенге түсірілетін тұтқыр серпімді NP150			
ASS095	UPH095	TEX095	14 x 85 x 198
ASS099	UPH099	TEX099	14 x 90 x 198

Соңғы қадамдарды орындау

- Құрылғыны жуу не зарарсыздандыру кезінде қолданылған құралдардан қалған барлық іздерді әрдайым өшіріп жүріңіз.
- Хлор негізіндегі өнімдерді пайдаланған кезде түстің оңу қаупі болуы мүмкін. Құрылғыларды суға жібітілген шүберекпен мұқият жуып, содан кейін кептіру керек.
- Матрастың ішінде конденсацияның туындауын алдын алу үшін, орнатпас бұрын матрастың барлық бөлшектері әбден кепкеніне көз жеткізіңіз.

Тасымалдау және сақтау шарттарын ұстану

Таңба	Функция	Тасымалдау / Сақтау*
	Температура	-30°C – +50°C
	Гигрометрия	20% – 85%
	Ауа қысымы	700 mbar - 1060 mbar

*Матрас өзінің түпнұсқалық қаптамасында тасымалданған не сақталған жағдайда ғана қолданылады.

Матрас өзінің түпнұсқалық қаптамасында сақталуы қажет:

- Жарық пен ылғалдан қорғалуы керек;
 - Сұйықтықтың кіріп кетуін болдырмау үшін еден деңгейінен кем дегенде 10 см жерде сақталуы керек;
 - Шаңнан қорғалуы керек;
 - Өтетін жерлерден тысқары орналастыру керек.
- Ешқашан 15 матрастан көбірек топтамаңыз.

1. **Dismozon Pur V.A.H** (Verbund für Angewandte Hygiene e.V.) тізіміне кіреді.

Техникалық сипаттары

Матрас үлгісі	Ел	Тыс үлгісі	Өлш. / см
Тұтқыр серпимді NP150			
ASS033	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX033	14 x 85 x 198
ASS034	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX034	14 x 90 x 198
ASS048	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX048	14 x 90 x 203
ASS004	Ұлыбритания – Италия	TEX004	14 x 85 x 198
ASS075	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX075	14 x 80 x 190
ASS076	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX076	14 x 90 x 198
ASS081	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX081	14 x 80 x 210
Рентгенге түсірілетін тұтқыр серпимді NP150			
ASS095	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX095	14 x 85 x 198
ASS099	Еуропа, Ұлыбритания мен Италиядан басқа	TEX099	14 x 90 x 198

NP150 матрасын Қосалқы бөлшектер кестесінде (4-бетті қараңыз) көрсетілген тыстармен ғана қолдану қажет. Матрасың салмағы: 11 кг.

Қосалқы бөлшектер

Қосалқы бөлшектер туралы қандай да бір ақпарат алу үшін, қоңырау шалған кезіңізде матрасың жанында жазылған бөлшек нөмірін хабарлаңыз.



Тыстардың үлгілері

Үлгі.	Матрас үлгісі	Тігіс түрі	Өлш. / см
NP150 тұтқыр серпимді			
TEX033	ASS033	Дәнекерленген	14 x 85 x 198
TEX034	ASS034	Дәнекерленген	14 x 90 x 198
TEX048	ASS048	Дәнекерленген	14 x 90 x 203
TEX004	ASS004	Дәнекерленген	14 x 85 x 198
TEX075	ASS075	Дәнекерленген	14 x 80 x 190
TEX076	ASS076	Дәнекерленген – Тікбұрышты бұрыштар	14 x 90 x 198
TEX081	ASS081	Дәнекерленген	14 x 80 x 210
NP150 рентгенге түсірілетін тұтқыр серпимді			
TEX095	ASS095	Дәнекерленген	14 x 85 x 198
TEX099	ASS099	Дәнекерленген	14 x 90 x 198

ЕСКЕРТУ:
Тыстың түсі өзгешеленуі және шарттан тыс болуы мүмкін.

Hillrom бұл Baxter International Inc. немесе оның еншілес компанияларының сауда белгісі болып табылады.
Terralin бұл Schülke & Mayr GmbH компаниясының тіркелген сауда белгісі болып табылады.
Dismozon бұл Bode Chemie GmbH компаниясының тіркелген сауда белгісі болып табылады.
Sanivar бұл Sanivar S.A компаниясының тіркелген сауда белгісі болып табылады.

Аксессуарлар

Үлгілер	Сипаттамасы
ASS043	NP матрасының ұзартқышы (14 x 9 x 85 см)
ASS044	NP матрасының ұзартқышы (14 x 18 x 85 см)
ASS077	NP матрасының ұзартқышы (28 x 18 x 90 см)
ASS078	NP матрасының ұзартқышы (20 x 21 x 85 см)

Матрасың ұзартқыштары аяқ бөлігіндегі матрасың ұзындығын ұзартуға арналған.

Нормативтік талаптар

CE I класты медициналық құрылғыларға қолданылатын CE сәйкестік белгісі алғаш рет 2008 жылы қолданылды.

Матрастар келесі стандарттарға сәйкес келеді:

Барлық матрастар үшін

- EN ISO 10993-1:2020
- EN ISO 10993-5:2009
- EN ISO 10993-10:2010
- EN 597-1:2015
- EN 597-2:2015
- GPEM/CP – D1-90 нұсқаулықтары, ақпан 1991 (Франция)

ASS004 матрасына қосымша ретінде

- UNI 9175:2010
- BS 6807:2006
- Орташа қауіптілік үшін BS 7177:2008

Өндіруші елі (ISO 3166-1)

	FR : ФРАНЦИЯ
	CN : ҚЫТАЙ

Байланыс деректері

Пайдаланушыларға және/не науқастарға ескерту:
Құрылғыға қатысты қандай да бір қауіпті оқиға орын алған жағдайда, өндірушіге және пайдаланушы және/не науқас тұратын мүше-мемлекеттегі құзыретті органға хабарлау қажет. Кез келген сұрақ немесе осы нұсқаулықтың көшірмелеріне тапсырыс беру үшін, жергілікті Hill-Rom өкіліне хабарласыңыз немесе hillrom.com сайтына өтіп, 217262 бөлшек нөмірімен мақалаға тапсырыс беріңіз.



Hill-Rom S.A.S.
Z.I. du Talhouet
56330 PLUVIGNER - FRANCE

Hill-Rom S.A.S. ISO 13485 және ISO 9001 стандарттарына сәйкес келеді
hillrom.com